

*Дұшпан күлдіріп айтады,  
Дос жылататын айтады*

*( халық мақалы)*

## **Қан жылағым келгенде**

### ***Бұрынғы заманда***

*Екі мың жыл өтсе де, қалды байлық рухани  
Түгел сөздің түбі бір - арғы атасы Майқы би:  
«Жыл екі мың болғанда: су тартылар,  
қарап тұрған жігіттен қыз артылар!»*

Екі мың жылдық арада, қазақ қазақ болғанда,  
Жаңғыртқан еді сүйекті мыңжылдық құда бұрында,  
Жүзжылдық күйеу десе де жиырма жылдық арада  
Қалушы еді құда боп, атасының орнында.

Қалжындасып ойнаушы еді жетпістегі жездемен  
Шидей балғын қыз бала жеті жасқа келмеген,  
Атаға бала ұл болып, би халқына құл болып,  
Жан пида боп ел үшін жасаған қазақ кез келген.

### ***Қазіргі заманда***

Бір жылдық әкім тағдырды шала-пұла шешеді.  
«Он мыңға көмір тапқанда, миллионға құны жетеді»,  
Деп жылаймыз бүгінде, ертеңгі күнді ойламай,  
Тіршіліктің қамымен өмірің бекер өтеді.

Бассыз болды еліміз – әкімнің елде ісі жоқ,  
Елдің қамын ойлайтын бетке ұстар кісі жоқ,  
Қанайды әкім елімді, сатады әкім жерімді,  
Азулы ағам қартайды - өткір тіл мен тісі жоқ.

Азғындады ақсақал – арақпен аузын ақтады,  
Ата-дәстүр, тәртіпті жерге тастап таптады.  
Советтікі – құдай жоқ, араптікі – әруақ жоқ,  
Ағайынды танымай безбүйрек бала қаптады.

Қазақ жаман мұсылман – арап бол деп бастады,  
Қаныпезер молдалар – фашист қылды жастарды,  
Құнсыз болды жанымыз, сұйылып кетті қанымыз  
Өнегесіз ұрпақтар мектептен сауат ашпады.

Темекі тартып, жалаң бұт, көшеде жүр қыздарым,  
Наша шегіп, жалқау боп, ерігіп жүр ұлдарым.  
Жұмыс тапқан қазақтың – иесі орыс-оймауыт  
Немерем болса болады шын-машынның құлдары...